

## 2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 13 толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 маусымдағы N 264 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1164

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 377 U000377\_ "Қылмыскерлікпен және сыбайлас жемқорлықпен күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы" жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 тамыздағы N 812 P980812\_ "Қазақстан Республикасындағы орта білім жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы", 2000 жылғы 10 мамырдағы N 694 P000694\_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 P990528\_ қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058\_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына:

бюджет кірістерінің сыныптамасы:

"107102 Жергілікті бюджетке берешектердің түсімі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"107103 Жергілікті бюджетке әлеуметтік салық бойынша берешектердің түсімі";

"201208 Жер учаскелерін жалға беруден түсімдер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"201209 Қарыз алу лимитінің шегінде аймақтық инвестициялық

бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдардың осы мақсаттарға қарызға алынған қаражаттың есебінен жергілікті бюджеттен бөлінетін несиелер бойынша сыйақылар";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"3.4 Заңды және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қызметі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"3.4.101 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

3.4.101.33 Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі шаралар";

"12.5.273.30.30 Теміржол көлігіне арналған көпірлер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"12.5.273.30.31 Теміржолдардың құрылысы және оларды қайта құру";  
бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы:

"1.1.150.152 Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды ұстау және ағымдағы жөндеу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"1.1.153.153 Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығыстары".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.